

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУЛЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК
ИНЖИНИРИНГ ОРТАЛЫҒЫ**



**«ОҚЫТУШЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗІМЕН.
ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ САПАСЫН
БАҒАЛАУ-2022».**

2022 ЖЫЛҒЫ САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЕСЕП

АЛМАТЫ, 2022

«ОҚЫТУШЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗІМЕН - 2022» САУАЛНАМАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Зерттеу жүргізу

Әлеуметтанулық зерттеулер орталығы 2010 жылдан бастап университеттің білім беру қызметінің сапасына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

«Оқытушы студенттердің көзімен» сауалнамасы әр семестрдің қорытындысы бойынша жүргізіледі және әр пән бойынша тиімді кері байланыс алуға, сондай-ақ әрбір оқытушының педагогикалық қызметін жалпы бағалауға мүмкіндік береді. Сауалнаманың мақсаты университеттегі курстардың тиімділігі мен оқыту сапасын бағалау болып табылады. Сауалнама университеттің «Univer» корпоративтік жүйесінде әр студенттің аккаунтында жүргізіледі (1-сурет).

2021-2022 оқу жылында сауалнама 25.11.2021ж.-19.12.2021ж. аралығында (күзгі семестрдің қорытындысы бойынша) және 29.03.2022ж. - 17.04. 2022ж. (көктемгі семестрдің қорытындысы бойынша) өтті.

The screenshot displays the 'Univer 2.0' student portal. At the top, there are navigation tabs for 'Главная', 'Магистрант', and 'Е-услуги'. Below the navigation is a header section with user information and contact details. The main content area is divided into several sections:

- A top navigation bar with icons for Univer (iOS), KazNU, Open KazNU, Oqylyq, YouTube, ЭБС, Univer (Android), Oxford UPSO, Open Master Class, Библиотека, Вконтакте, Twitter, Oxford MO, Oxford academic journals, Facebook, and WiFi.
- A grid of service links categorized by 'Студент', 'Учебный процесс', 'Документы', and 'Разное'.
- A section titled 'Ваш переводной уровень с курса на курс GPA = 0'.
- A section titled 'Список проводимых в данный момент опросов студентов' (List of student surveys being conducted at the moment). It includes a survey announcement for 'Уважаемые студенты!' (Dear students!) regarding the quality of teaching.
- A table listing the surveys.

Название	Тип	Дата начала (дд/мм/гггг)	Дата окончания (дд/мм/гггг)
Преподаватель глазами студентов - 2021-2022 (1 сем)	Анкетирование преподавателя Обязательная	25.11.2021	19.12.2021

At the bottom of the page, there is a footer with the text: 'Сайт КазНУ | Copyright © 2003-2021 Институт информационных технологий и инновационного развития КазНУ им. аль-Фараби IP: 10.7.0.6'.

1-сурет – «Univer» жүйесінде әр семестрдің қорытындысы бойынша
«Оқытушы студенттердің көзімен» сауалнамасы

2021-2022 жылғы сауалнама қорытындысы бойынша сауалнамаға **13 636** студент қатысты – 67,7% (теориялық оқудан өтетін 1-3 бакалавриат және 1 магистратура курс студенттерінің контингентінен)

Сауалнама 14 сұрақтан тұрады және әртүрлі критерийлер бойынша курстар мен оқыту сапасын бағалауға мүмкіндік береді (2-сурет). Сауалнама шеңберінде барлық сұрақтар үшін 1-ден 5,0-ге дейінгі дәстүрлі шкала бойынша шкалалау қолданылады, мұнда 1,0 ең төменгі деңгейді, ал 5,0 ең жоғары деңгейді білдіреді.

Бағалау шкаласы:

5 балл - сапа ӘРДАЙЫМ ДЕРЛІК КӨРІНЕДІ;

4 балл - сапа ЖИІ КӨРІНЕДІ;

3 балл – сапа 50% КӨРІНЕДІ;

2 балл – сапа СИРЕК КӨРІНЕДІ;

1 балл – сапа ІС ЖҮЗІНДЕ ЖОҚ.





Сурет 2 – «Оқытушы студенттердің көзімен» сауалнама құрылымы - 2022 ж.

Бағалау әр курсқа қатысты қалыптасады.

Жалпы университет бойынша барлық факультеттер мен мамандықтар бойынша **2287** пәннің бағасы алынды.

НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР:






Сауалнамаға қатысқан студенттердің **78,66%**-ы 2021-2022 оқу жылының көктемгі семестрінде оқыған курстарын басқа студенттерге сенімді түрде ұсынады.

Факультеттер бойынша ең жоғары және ең төмен нәтиже (оң баға және оқуға ұсыныс):

89% - Заң факультетінің студенттері
46,79% - медицина және денсаулық сақтау факультеті.



Сауалнама қорытындысы бойынша **13636** студент **2410** оқытушының жұмысын бағалады.

Оның ішінде 13 шетелдік маман, 10 кафедрада шақырылған профессорлар (3,5-тен 5,0-ге дейін). Орташа баға-4,62.

Университеттің барлық оқытушылары: 5.0 – **13,73%** (331 оқытушы)

4.99 – 4.50 – **68,92%** (1661 оқытушы)

4.49 – 4.00 – **11,99%** (289 оқытушы)

3.99 – 3.00 – **4,85%** (117 оқытушы)

2.99 – 1.00 – **0,49%** (12 оқытушы)



Факультеттер бойынша ОПҚ-ның орташа бағасы - **4,43-тен** (медицина және денсаулық сақтау факультеті) **4,81-ге** дейін (заң факультеті).

Университет бойынша орташа балл-**4,68**.



Факультеттер бойынша ең жоғары бағалары бар ОПҚ пайызы (факультеттегі ОПҚ санының пайызымен):

Ең жоғарғы:

Шығыстану 32,1%


Журналистика 28,4%

Ең төменгі:

Филология 6,4%

ФАКУЛЬТЕТТЕР:

Заң	19,6%
География және табиғатты пайдалану	18,1%
Биология және биотехнология	15,2%
Тарих	13,0%
Химия және химиялық технология	13,8%
Медицина және денсаулық сақтау	10,6%
Физика-техникалық	11,3%
Экономика және бизнес жоғары мектебі	12,3%
Халықаралық қатынастар	10,3%
Механика-математика	9,6%
Ақпараттық технологиялар	8,9%
Философия және саясаттану	8,3%



ОПҚ қызметінің төмен бағалары.

Университет бойынша оқытушылар саны -12 (бағасы 3,0 балдан төмен).

ОПҚ төмен бағасының пайызы 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда 2 есеге азайды.